

«№36 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Педагогтердің бос және уақытша бос лауазымдарына орналасу және оларды тағайындау конкурсының отырысы

ХАТТАМА № 1

2022 жылғы 25 тамыз

Қатысушылар: комиссия төрағасы - А.М.Зайткешова, директордың оқу-тәрбие орынбасары, комиссия мүшелері - Г.М.Оразова, директордың оқу-тәрбие орынбасары, А.А.Куанбаева -директордың тәрбие орынбасары, Қ.Ғ.Сарсекеев - тарих пәні мұғалімі .

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібінде:

1. Педагогтердің уақытша бос және бос лауазымдарына тағайындау конкурсының қорытындыларын талқылау және қарау:
 - математика пәні мұғалімдері – 2 бос орын;
 - бастауыш сынып мұғалімі декреттік демалыстағы қызметкер орнына – 1 уақытша бос орын;
 - аға тәлімгер – 1 бос орын;
 - мектепалды даярлық тобына тәрбиеші – 1 бос орын.

Тыңдалды: 1. конкурс комиссиясының төрағасы А.М.Зайткешова, конкурс комиссия құрамымен таныстырып, комиссия мүшелерінің міндеттерін көрсетті. Интернет-ресурсында, «№36 ЖББМ» КММ-де әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында және мектеп сайтында «Хабарландырулар» бөлімінде бос және уақытша бос лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылғанын атап өтті. Комиссия мүшелеріне конкурс талаптарын түсіндірді, отырыстың бейнежазбамен сүйемелденетін атап өтті. Үміткерлердің педагогтердің үлгілік біліктілігі сипаттарымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес бағалауды ұсынды. Әрбір үміткердің «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларының» 11-қосымшасына сәйкес бағалау парағын толтырғанын, комиссия мүшелерінің тапсырған құжаттар арқылы қойылған ұпайдың сәйкестігін анықтау қажеттігін атап өтті.

Конкурс комиссиясының хатшысы, Ж.Т.Балмағанбетова комиссия мүшелеріне «№36 ЖББМ» КММ-де педагогтердің бос және уақытша бос лауазымдарына үміткерлердің құжаттар тізіміне сәйкес 6 жеке ісін тапсырды.

Комиссия мүшелері ең жоғары ұпай алған кандидатты тандап, зерделеп қорытындысын шығаруы тиіс.

2. Конкурс комиссиясының мүшесі Қ.Ғ.Сарсекеев, мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі ретінде бір кандидат конкурсқа құжаттарын ұсынған. Құжаттары талаптарға сай келеді. Сондықтан да осы кандидат тәрбиешісі ретінде тандалды. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде 2 кандидат конкурсқа түсті, соның ішінен ұпайы жағынан жоғары көрсеткіш көрсетіп отырған кандидатты тандап алатынын атап өтті. Математика пәні мұғалімі ретінде 2 бос орынға екі кандидат қатысты, екеуі де қойылып отырған талаптарға сай келеді, сондықтан да екі педагог та тағайындауға ұсынылады. Аға тәлімгер бір бос орынға 1 кандидат құжат тапсырған болатын, барлық біліктілік талаптарға сай келеді.
3. Оразова Г.М.: 11-қосымшаға сай қойылған ұпайлары бойынша педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау комиссия отырысының қорытындысы бойынша бос және уақытша бос вакансиядағы орындарға тағайындауға ұсынылған кандидаттар тізімі:
 - Мектепалды даярлық тобы тәрбиешісі лауазымына – Серікбаева Жазира Асылсеитқызы;
 - Бастауыш сынып мұғалімі лауазымына– Аман Дана Бейбітқызы;
 - Математика пәні мұғалімі лауазымына – Турысбекова Дыбыс Төлеубековна;
 - Математика пәні мұғалімі лауазымына – Озат Ильяс;
 - Аға тәлімгер лауазымына–Шодырова Жанбота Ербулановна.

Шешім:

1. Мектеп директоры Ж.Ж.Ракишеваға педагогтардың бос және уақытша бос лауазымдарына тағайындауға төмендегі кандидаттар ұсынылсын:
 - Бастауыш сынып мұғалімі лауазымына– Аман Дана Бейбітқызы;
 - Математика пәні мұғалімі лауазымына – Турысбекова Дыбыс Төлеубековна;
 - Математика пәні мұғалімі лауазымына – Озат Ильяс;
 - Аға тәлімгер лауазымына–Шодырова Жанбота Ербулановна;
2. Конкурс нәтижесі мектептің интернет ресурстарында, ресми әлеуметтік парақшаларда жариялансын.

Комиссия төрағасы:

 **А.М.Зайткешова**

Комиссия мүшелері:

 **А.М.Оразова**

 **А.А.Куанбаева**

 **К.Г.Сарсекеев**

Хатшы:

 **Ж.Т.Балмаганбетова**